

1 қыркүйек - дәстүрлі Білім мерекесі қарсаңында өткізілген іс-шараның

Анықтамасы

1 қыркүйек Білім күніне орай салтанатты жиын өткізіліп, алғашқы қоңырау соғылды. Жиынға мектеп әкімшілігі, ұстаздар және мектеп оқушылары қатысты.

Жиын барысында мектеп директоры Ж.Байжанов жаңа оқу жылымен құттықтап, ұстаздар қауымының биік белесетерден көрінетініне және оқушылардың сапалы білім мен үлгілі тәрбие алатынына сенім білдіріп, биылғы оқу жылына толағай табыстар тілейтінін жеткізді.

2022 -2023 оқу жылында мектеп табалдырығын аттаған оқушылар саны – 40 оқушы.

Іс- шарадан соң әр сыныптың оқушылары өз сыныптарында тәрбие сағаттарына қатысты.



Мектеп тәлімгері

Ержанова Ботагөз

1 қыркүйек –Білім күні

1-жүргізуші: Бақытжан ағай

Армысыздар құрметті қонақтар ,қымбатты ұстаздар, ардақты ата-аналар мен мектеп оқушылары!

2-жүргізуші: Әсел

Бар мектептің басталар бүгін жыры

Бақ қоңырау шақырып ұғымдыны

Жаңа оқу жылы басталды, ұстаз шәкірт

Құтты болсын бүгінгі білім күні

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар қымбатты оқушылар ата-аналар сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты айтулы мереке білім күнімен құттықтаймын. 1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі.Сіздерге бүгінгі ерекше жайма шуақ күні жақсы көңіл күй жаңа жетістіктер,ұдайы ізденіс,мықты денсаулық сәттілік тілеймін.

2-жүргізуші:Ендеше барлығымыз да сағынышпен күткен «Сәлем саған сүйікті алтын ұя мектебім атты білім күніне арналған мерекелік шарамызға қош келдіңіздер!Олай болса,ортаға бүгін мектеп табалдырғын алғаш аттағалы отырған 1 а сынып оқушылары және сынып жетекшісі : Есетова Айдана Аманбайқызын қошеметтеп құрметтеп шақырайық. Дәл осылай жүректері лүпіл қаққан кішкентай бүлдіршіндеріміз! б сынып оқушылары және сынып жетекші : Касанова Әсел Зұлыпхарқызын қошеметтеп қарсы алайық

2-жүргізуші:

Әнұраным жанұраным

Айтар әнім сөйлер сөзім

Мәңгі бақи шырқалады

Республикам Әнұраны

(Қ. Р Гимн орындалсын)

1 жүргізуші:

Ажырамай мектептен бір елі сіз,

Жақсылаққа жаралған жүрегіңіз

Сөз берейік құрметпен өзіңізге

Шын жүректен арналсын тілегіңіз- дей келе алғашқы құттықтау сөздіауыл әкімі Сәкен Нысанұлына және қалалық мәслихат депутаты Қайрат Шаршыбекұлына және мектеп директоры: Байжанов Жасұлан Махмутұлына береміз.

Ән:

2- жүргізуші:

Келешек қой осылар барға шүкір

Алдарында ақ канат арманы тұр

Жүректері лүпілдеп тебіреніп,

Жаңа өмірге нық қадам басқалы тұр.

Мектеп табалдырғын алғаш аттағалы отырған 1 а сынып оқушыларының тақпақтарына кезек берейік

Такпак 1 а

Егемен елдің төсінде

Шуағын шашсын арай күн

Азамат боп өсіндер

Қызыға жұрт қарайтын

2-жүргізуші: Әсел

Қандай ғажап қарашы жан-жағыңа

Күміс күлкі сыймай тұр, қара мұңға

Ата-анадай бақытты бар ма екен жан

Қол жеткізген аңсаған арманына

Жаксы шәкірт азамат атанады

Халқынан ата-анадан бата алады

Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін

Ортаға шақырайық ата-ананы-деп ата –аналар атынан -----

----- беріледі

2-жүргізуші: Бакытжан ағай

Бақытты балғын баламыз

Өсті ой мен санамыз

Әріп танып, сабақ оқып

Білім нәрін аламыз –деп мектеп табалдырғын алғаш аттағалы отырған 1 б сынып оқушыларының тақпақтарына кезек берейік

Тақпак 1 б

Жаңа оқу жылы жемісті

Мерейі үстем жыл болсын

Шәкірттеріміз өрісті

Елім дер қыз бен ұл болсын

Жүргізуші: Әсел

Қоңырау сыңғыры көңілді тербейді

Балдаурен, балалық айналып келмейді

Алғашқы ұстаздың әліппе ұстатқан

Еңбегі жүректе ешқашан сөнбейді

Кез-келген адам өмірде қандай жетістікке жетсе де өзінің тарыдай боп кіріп, таудай болып шығатын алтын ұя мектебін және де қолына қалам ұстау мен әліппені үйретер алғашқы ұстазына өмір бойы қарыздар екені даусыз.

Олай болса, бүлдіршіндерді күлімдей қарсы алып, оқуға, жазуға, Отанымызды сүюге үйретер алғашқы ұстазы Есетова Айдана Аманбайқызын ортаға қошеметпен шақырамыз.

Сөз : алғашқы ұстазы

Ән:

Жана оқу жылы құт болып,

Ізгілік оты жағылсын

Ниет пен тілек жұп болып

Алғашқы қоңырау қағылсын- алғашқы қоңырауды күмбірлете соғу үшін орта мектеп

табалдырғын алғаш аттағалы отырған -----

-----оқушыларымызды шақырамыз.

Соғылсын қоңырау ,соғылсын

Сыңғырла мәңгілік сыңғырла

Толқыған жүректер тоғысын

Толтырып бір арна бір жырға

Шаттықтың үніндей мәңгілік

Соғылсын қоңырау ,соғылсын

Қуаныш әніндей жаңғырып

Жүректер ақ нұрға соғылсын

Олай болса 1 сынып оқушыларына сәтті кадам,таудай талап тілей отырып

Қорытынды:

Осымен 1 қыркүйек білім күніне арналған «Сәлем саған алтын ұя мектебім» мерекесі аяқталды .Биылғы оқу жыл баршамызға сәтті табысты жыл болсын.

Еліміз еңселі,тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын